



«Еркін елдің ертеңі – ана тілінде» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндік апталығының есебі

(05.12.2022 – 15.12.2022)

Тіл – мемлекеттің табан тірейдін тұғырлы темірқазығы. Тіл – ұлттың тірегі. Тіл – өз халқымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағы. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ұлт болғың келсе, бесігінді түзе» деуі тегін айта салған сөз емес. Ол біздің тіл биіктігімізді, ұлттық бейнемізді сақтап қана қоймай, оны дамыта беруге арнаған көрегендік сөзі деп түсінгеніміз жөн. Тіл – тазалықтың, пәктіктің, имандылықтың жаршысы. Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы әрбір шынайы азаматқа танымал, мәдени-әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі бай.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады” - деген. Тіл байлығы - әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті. Әр баланың жеке бір ғылымға деген қабілетін ескере отырып оқыту, оны дамытудың барлық мәселелерін шешетін дайын әрі керемет әдістеме болуы мүмкін емес. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу- сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылуы керек.

Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты - пәндік апталық болып саналады.

Желтоқсан айының 05.12.2022 – 15.12.2022 күндер аралығында гимназиямызда қазақ тілі мен әдебиеті пәндер онкүндігі өткізілді. Апталықтың жоспары әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралып талданды және бекітілді.



Апталықтың мақсаты: оқушыларға ана тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіру және ана тіліне деген сүйіспеншілігін, ой-өрісі мен таным белсенділіктерін жан-жақты жетілдіру. Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс-шаралар заман талабына сай өтті, соның ішінде интеллектуалды сайыстар, кештер, логикалық сұрақтар сайысы, т.б. сыныптан тыс іс-шаралар.

Бірлестіктің апталық жоспарымен таныстыру мақсатында алғашқы күні ұстаздарға арнайы жазылған жоспарды таратып хабарланды.

Онкүндік барысында бірлестіктің құрамындағы бес мұғалім бірлесе жұмыс атқара отырып, сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды.

«Өз тілі мен әдебиеті бар ел ғана дербес ел бола алатынын біз ұмытпауымыз керек»

А.Байтұрсынов

05.12.2022 – 15.12.2022 ж

Өткізілетін шаралар	Өткізу мерзімі Уақыты	Өтетін орны	Өткізу түрі Сыныптар	Жауаптылар
<i>Апталықтың ашылуы</i>	05.12.2022		5-11 сыныптар	Пән мұғалімдері

«Тіл-ұлттың жаны» Зияткерлік сайыс	08.12.2022 14:50 – 15:35	№ 207 кабинет	7-сынып	Касымханова Н.Ж.
«Ойөріс» Интеллектуалдық сайыс	08.12.2022 14:00 – 14:45	№ 104 кабинет	6 «Ә», «Б» - сыныптар	Утемуратова Г.Д.
Қазақтың бес арысы Челлендж	14.12.2022. 14:50 – 15:35	2 - қабат	5-11 сыныптар	Пән мұғалімдері
«Үздік шағын жоба» Сайыс	14.12.2022 14:00 -	№ 320 кабинет	5 «Г» сынып	Сайдуллаева И.К.
«Тіл – ұлттың жаны» Жоба	09.12.2022 14:50 15:35	№ 206 кабинет	10-сыныптар	Хасенова Э.К.
«Кітап әлемі – нағыз ғажайып әлемі» буктрейлер байқауы	09.12.2022 14:00 – 14:45	№315 кабинет	7 «А» сынып	Сәрсенбаева З.С.
«Еркін елдің ертеңі – ана тілінде» атты қазақ тілі мен әдебиеті апталығының жабылуы	15.12.2022 14:00 – 14:45	Кітапхана	5-11 сыныптар	Пән мұғалімдері

Пән апталығының алғашқы күні қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері 5-11 сыныптар арасында апталықтың ашылуы мен жосарын таныстырылды.

08 желтоқсан күні **«Тіл-ұлттың жаны» тақырыбында** Касымханова Нургул Жеңісқызы 7-сыныптар арасында зияткерлік сайыс өткізді. Мемлекеттік тілді құрметтеу, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, тыңдаушылардың білімге деген құштарлықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, өз ойларын дұрыс жеткізуге дағдыландыру, елімізді, ана тілімізді, Отанымызды сүюге тәрбиелеу мақсатында өткізілген зияткерлік сайысқа 7-сынып оқушылары белсенділік танытып, тәрбие сағатына жоғары деңгейде қатысты. Өздерінің көшбасшылық қасиеттерін шындап, оқушылар арасындағы бәсекелестікті арттырып, тіл туралы берілген тапсырмалар бойынша сұрақтарын қоя отырып, логикалық ойлау қабілеттерін арттырды. Басты ерекшелік оқушылар өз пәнін жетік меңгергендігі, түрлі проблемалық жағдайдан ой-толғау нәтижесінде тың шешімді шапшаң қабылдауға төселгендігімен байқалып тұрды. Ұстаздардың жүйелі еңбегінің нәтижесінде оқушылардың шығармашылық шыңдалуы дұрыс бағытта екендігі айқындалды. Сайыс өте жоғары дәрежеде өтті және өте жақсы ұйымдастырылған. Сайыста жоғары деңгейде жауап берген топтарға орын беріліп, мақтау қағазымен марапатталды.



08.12.2022 ж күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Утемуратова Гулимхан Дошановна 6-сыныптар бойынша «**Ойөріс**» тақырыбында интеллектуалдық ойын өткізді. Сайыстың басты мақсаты - оқушылардың ой өрісін, логикалық ойлау қабілетін дамыту, білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Әр кезең оқушылардың жас ерекшелігіне сай құрылған. Оқушының белсенділігі мен өз бетінше әрекет етуін жоғарылату мақсатында дидактикалық негізгі функцияны – проблемалық-ізденімпаздық іс - әрекет тәсілдерін пайдаланып, оқушылардың шығармашылық іс - әрекетін дамытуды қарастырды.



14.12.2022 ж күні Сайдуллаева Индира Касымхазиновнафң ұйымдастыруымен «**Үздік шағын жоба**» тақырыбында *сайыс* болып өтті. Білім алушыларды шығармашылық жұмысқа баули отырып, өз бетінше

ізденуге, ойын жинақтап, қорытынды жасай білуге машықтандыру және тілдерін дамыту мақсатында оқушылар өз жобаларын ұсынып, қорғады.



09.12.2022 ж күні Хасенова Эльмира Келисовна «Тіл-ұлттың жаны» тақырыбында жоба байқауын өткізді. Байқаудың мақсаты: Оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүйуге, тілімізді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт-дәстүрі, діні тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру. Тәжірибелі ұстаз тілге деген құрметті тілдік мемлекеттік мәртебесінен бастап түсіндіріп, тіл мәртебесінің заңдық аясын көрермендерге жариялап, мемлекеттік рәміздің рөліне басты назар аудартты. Бұл жерде мұғалім патриоттық тәрбиеге басты назар аударған. Сонысымен тәжірибелі ұстаздың оқушылардың шығармашылықтарын шарықтатуға қатысты іскерлігінің көрінісі белгілі болды. Оқушылар өз бойындағы тілге деген махаббат, құрметтерін қағаз бетіне асқан шығармашылықпен жазды.



14.12.2022 ж күні 7-сыныптар арасында қазақ тілі мен әдебиет іпәні мұғалімі Сәрсенбаева Зоя Сәбуқызының ұйымдастыруымен «**Кітап әлемі – ғажайып әлемі**» буктрейлер байқауы буктрейлер сайысы болып өтті. Елбасының рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар атты жобасы негізінде, оқырман аудиториясын буктрейлер арқылы кеңейту, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында 7-сынып бағдарламасындағы

оқушылардың өздері оқыған Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», М.Әуезовтің «Көксерек», Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» шығармалары бойынша дайындаған бейнефильм, слайд, сахналық қойылымдар арқылы түсінгендерімен үш топ болып, сайысқа түсті. Сайыста оқушылар шығара желісі бойынша дайындаған слайд, бейнефильмдерін көрсетіп, шығарма мазмұнын жақсы меңгергендігін байқатты.Көрініс қою бөлімінде де оқушылар кейіпкерлердің рөлін сомдауда керемет көрініс көрсетті.Сайыстың нәтижесінде әділ-қазылардың шешімі бойынша 1,2,3-орындар берілді.



Қорыта келгенде, жалпы апталықтың ұйымдастырылып өткізілу жұмысына «қанағаттанарлық» деп баға берілді.

Бірлестік мүшелерінің әдістемелік біліктілігінің талапқа сай екендігін, жоспарлы жұмысының атқарылу жүйесі дұрыс бағытта болғандығы жан-жақты байқалды. Оқушылардың білім сапасы мен білімге деген қызығушылығы олардың танымдылығы мен шығармашылық ойлау, ой түйіндеу, талдау, тұжырым жасау дағдылары белгілі бір жүйеде қалыптасып, даму деңгейінде екендігі белгілі болды.

Тіл халықпен бірге туып, бірге жасайды, сондықтан да әр-бір тіл өз елі үшін анадай ардақты. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп Майқы бабамыз айтып кеткендей әр тілдің өз мемлекетінде алатын маңызы зор. Оларды бір-бірімен жарыстыруға, бәсекеге түсіруге болмайды деп білеміз. Өйткені әр тілдің өз даму тарихы, басынан өткерген тарихи оқиғалары болады. Кез-келген тіл өзінше қасиетті, өзінше құдіретті. Десек те, «ана тілің алпыс тілге татиды » дегендей әр халық өз тілін құрметтеп, ардақтауы тиіс.

Осындай іс-шара №81 «Astana English School» мамандырылған гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің бастауымен жоғары деңгейде өткізілді.